



**Үндістанның  
проблемалық  
кредиттерді реттеу  
тәжірибесі: Ұлттық  
активтерді қалпына  
келтіру  
компаниясының  
(NARCL) қызметі**

## I. ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН АКТИВТЕР (NPA) – ҮНДІСТАН БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

Үндістанның банк секторы соңғы онжылдықтар ішінде проблемалық активтер (NPA) деңгейіндегі айтарлықтай ауытқуларды бастан өткерді, бұл экономикаға елеулі әсер етіп, несиенің қолжетімділігіне, инвесторлардың сеніміне және жалпы қаржылық тұрақтылыққа ықпал етті.

«Жұмыс істемейтін активтер» (NPA) және «проблемалық кредиттер» (NPL) терминдері өзара алмастырылатын ұғымдар болып табылады және негізгі қарыз сомасы мен пайыздық төлемдерді өтеу талаптарына сәйкес келмейтін несиелерге қатысты қолданылады. Басқаша айтқанда, бұл кіріс әкелмейтін активтер. Тиімсіз несиелер активтердің сапасына қауіп төндіреді. RBI нормаларына сәйкес, жұмыс істемейтін активтер (NPA) – бұл несие немесе аванс, оның пайыздары және/немесе негізгі қарыз сомасын өтеу мерзімі 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген жағдайда мерзімді несие ретінде саналады.

**1990-жылдары** NPA деңгейі **15-20%**-ға дейін жетті, бұл тәуекелдерді басқарудың әлсіздігімен және жеткіліксіз реттеуші стандарттармен, әсіресе мемлекеттік банктерде, байланысты болды. Осыған жауап ретінде Үндістан үкіметі мен Үндістанның Резервтік банкі (RBI) реттеуші талаптарды күшейтіп, кредиттік менеджмент пен корпоративтік басқаруды жақсартты, сондай-ақ активтерді қалпына келтіру агенттіктерін (Asset Reconstruction Companies – ARC) құрды, бұл өз кезегінде жағдайды тұрақтандыруға және NPA деңгейін төмендетуге алып келді.



# I. ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН АКТИВТЕР (NPA) – ҮНДІСТАН БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

2010-жылдардың басында NPA деңгейі салыстырмалы түрде төмен болды, алайда кейіннен күрт өсіп, 2018 жылы 11,18%-ға жетті.

Үндістандағы NPA динамикасы




## **NPA өсіміне әсер еткен факторлар:**

- 2000-жылдардың басынан бастап 2008 жылға дейін Үндістан экономикасы қарқынды дамыды, және банктер корпоративтік клиенттерге белсенді түрде несие берді. Алайда, әлемдік экономиканың баяулауы, бағаның күрт төмендеуі, пайдалы қазбаларды өндіруге тыйым салу және қоршаған ортаны қорғауға байланысты рұқсат беру процестерінің кідірістері көптеген корпорациялардың пайдасын азайтты. Бұл инфрақұрылым саласына, әсіресе электр энергетикасы мен қара металлургия секторларына теріс әсер етіп, шикізат бағасының тұрақсыздығына және ұсыныстың тапшылығына алып келді.

## I. ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН АКТИВТЕР (NPA) – ҮНДІСТАН БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

- 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысынан кейін несие өсімі баяулап, мемлекеттік банктердің активтер сапасы нашарлай бастады. Банктер нақты мәселелерді жасырып, жалған қауіпсіздік сезімін қалыптастырып, NPA деңгейін төмендетіп көрсетті.
- 2010-жылдардың басында NPA деңгейінің өсуіне ірі корпорацияларға несие беру талаптарының жеңілдеуі де әсер етті. Бұл қаржылық көрсеткіштерге тиісті талдау жүргізбестен берілген несиелердің көбеюіне алып келді.
- Үндістанның Резервтік банкі (RBI) 2015-2016 жылдары жүргізген банктердің активтер сапасын тексеру нәтижесінде NPA деңгейі күрт өсті. 2017-2018 жылдары ол 10%-ға жетті, бұл кредит беру қарқынының төмендеуіне және табыстылық пен капитал рентабельдігінің азаюына алып келді.
- 2016 жылдан бастап RBI несиелерді кез келген қайта құрылымдауға тыйым салғаннан кейін, Үндістанның банк секторы жұмыс істемейтін кредиттермен күрделенген жағдайға тап болды. Бұл көрсеткіш 2018 жылы ең жоғарғы деңгейге жетіп, 11,18%-ды құрады.



## II. NPA реттеу шаралары

2018-2020 жылдары Үндістан банктеріндегі NPA деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалды. Үндістанның Резервтік банкінің (RBI) 2018 жылғы желтоқсандағы қаржылық тұрақтылық туралы есебінде банк секторы ұзаққа созылған стресс кезеңінен кейін қалпына келу жолында тұрғаны атап өтілді. RBI атап өткендей, банктердегі активтердің кепілдіктерін кеңінен мойындауға байланысты айтарлықтай шығындарға қарамастан, бұл қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалаудағы тәртіпті күшейтуге, нарықтық тәуекелге сезімталдықтың артуына және операциялық тәуекелдерді жақсырақ бағалауға алып келді.

**Үш негізгі саяси бастамаларының нәтижесі NPA төмендеуіне себеп болды:**


**Біріншіден,** 2015 жылы RBI-дің AQR (Asset Quality Review) бағдарламасын енгізуі және проблемалық активтерді реттеудің жаңа пруденциалдық негіздерін қайта қарауы несиелік тәртіпті жақсартты. Жаңа ережелер келесі принциптерді қамтыды: Ірі қарыз алушылардың дефолттарын ерте анықтау және банктер мен қаржы институттарының есептілігін арттыру. Кредиторларға қарыздарды реттеу жоспарларын әзірлеу және енгізу еркіндігі. Қарызды қайта құрылымдау мерзімінің кешігуіне байланысты қосымша резервтер түріндегі айыппұл санкциялары. Төлем қабілетсіздігі рәсімін бастау үшін қарыздарды қайта құрылымдау кезінде активтерді жіктеуге берілетін жеңілдіктерді алып тастау. Қарызды қайта құрылымдау кезінде несие берушілердің көпшілік дауысымен шешім қабылдауын қамтамасыз ететін көпжақты келісімдерге міндетті түрде қол қою. Бұл шаралар NPA деңгейін тұрақтандыруға және банктердің проблемалық активтерді басқару сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты.



## II. NPA реттеу шаралары

Екіншіден, банкроттықты тиімді басқару үдерісі. 2016 жылдың желтоқсанында Төлем қабілетсіздігі және банкроттық туралы кодекс (IBC) күшіне енді. Бұл заң, бәлкім, Үндістандағы корпоративтік сектордағы ең маңызды құрылымдық реформалардың бірі болды. Айта кету керек, 2013 жылы Үндістанда банкроттық рәсімдерін реттеу үшін орта есеппен 4,3 жыл қажет болды, ал бұл көрсеткіш Сингапурда 0,8 жыл, Қытайда 1,7 жылды құрады. Алайда, 2019 жылы Үндістан бұл көрсеткішті 1,6 жылға дейін қысқартып, оны Қытай мен Франциядағы деңгейден жақсартты.

### Төлем қабілетсіздігін реттеудің орташа мерзімі



Үшіншіден, 2019 жылы банк және қаржы қызметтері саласында 32 бірігу және жұтылу мәмілесі жасалып, олардың жалпы сомасы 1,72 млрд долларды құрады. Нәтижесінде, Үндістандағы мемлекеттік банктердің саны 27-ден 12-ге дейін қысқарды. Банктерді біріктірудегі негізгі факторлар: Негізгі банк шешімдерінің ұқсастығы, өңірлік қамту аймағының ортақтығы. Бұл шаралар резервтердің ұлғаюына және таза NPA коэффициенттерінің төмендеуіне алып келді.

### III. ARC, NARCL, IDRCL құрылуы

ARC - бұл активтерді басқаратын мамандандырылған компаниялар, олар бастапқы кредиторлардан қарыздарды сатып алады, оларды секьюритизациялайды және қарыздарды қайтаруға көмектеседі. ARC термині Үндістанда кеңінен қолданылады, дегенмен оның халықаралық аналогтары - банктерді сауықтыру және NPA басқару жөніндегі активтерді басқару компаниялары (ҚҰА).

2002 жылы құрылғанына қарамастан, ARC эволюциясы біркелкі болмады. Бұл процесті үш негізгі кезеңге бөлуге болады:

1-кезең (2002-2003 жылдар): ARC тұжырымдамасы SARFAESI (Қаржылық активтерді секьюритизациялау және қалпына келтіру туралы заң) аясында пайда болды. 14 ARC құрылды, бірақ олардың тек кейбіреулері жұмыс істей бастады. Олар 5:95 моделіне сәйкес жұмыс істеді, онда ARC қарызды сатып алуға 5% қаражат бөлсе, қалған 95% банк серіктестерінен түсті. Тәуекел банктердің балансында қалды.

2-кезең (2014-2017 жылдар): 5:95 моделі 15:85-ке өзгертілді, бұл үмітсіз несиелерді қалпына келтіру процесін жақсартуға мүмкіндік берді. Осы кезеңде қосымша 10 ARC құрылды.

3-кезең: RBI ARC-пен жұмыс істейтін банктерге арналған резервтік талаптарды арттырды, бұл олардың нарықтағы позициясын жақсартуға бағытталды. Бұл ARC-қа нарықта үлкен мүмкіндіктер берді. RBI сондай-ақ ARC үшін ең төменгі меншік капиталының деңгейін көтерді. Бұл реформалар ARC-тың тиімділігін арттырып, проблемалық активтерді басқару процесін жетілдіруге ықпал етті.

### III. ARC, NARCL, IDRCL құрылуы

Көптеген қолданыстағы ARC-тар банктерге стресс-активтерді баланстарынан шығару үшін жеткілікті капиталға ие емес.

2021 жылы Үндістан үкіметі мемлекеттік сектордағы активтерді қалпына келтіру мақсатында Ұлттық активтерді қалпына келтіру компаниясын (**National Assets Reconstruction Company Limited - NARCL**) құру туралы шешім қабылдады.

NARCL, Үндістанның Резервтік банкінде (RBI) тіркелген және 2002 жылғы SARFAESI заңына сәйкес жұмыс істейді. Ол банктер мен банктік емес қаржы ұйымдарының акционерлік капиталы есебінен қаржыландырылады.

NARCL Үндістанның банктік жүйесінде **500 крор рупий** және одан жоғары құны бар стресс-активтерді басқару үшін құрылған. Оның инвестициялық стратегиясы стресс-активтерді бір жерде жинап, тиімді реттеу механизмін құруға бағытталған.

NARCL-мен қатар, үкімет Үндістанның қарыздарды реттеу компаниясын (**Indian Debt Resolution Company Ltd - IDRCL**) құрды. IDRCL - бұл операциялық құрылым, ол активтерді басқарып, нарықтық мамандар мен қалпына келтіру жөніндегі сарапшыларды тартады. IDRCL Үндістанның 14 ірі мемлекеттік және жекеменшік банктеріне тиесілі. Бұл ретте, мемлекеттік қаржы банктері компания акцияларының ең көбі 49%-ына ие, ал қалған бөлігі жекеменшік сектордағы кредиторларға тиесілі.



## IV. NARCL қызметін бағалау

Сарапшылардың пікірінше, екі жыл өткеннен кейін Үндістанның банк секторындағы «жаман банк» (NARCL) қызметі бастапқы күтулерді ақтамады.

NARCL ұйымдастырушылық, құрылымдық және бюрократиялық мәселелерге тап болды, бұл проблемалық несиелерді сатып алу процесін кешіктірді.

Қосарлы құрылымның қолданылуы, NARCL активтерді сатып алады, жетекші банкке ұсыныс жасайды, ал IDRCL оларды басқару және қосымша құн қалыптастырумен айналысады. Бұл механизм реттеу процесін қиындатты, дегенмен бастапқыда жекеменшік сектордың қатысуы реттеу шешімдерін қабылдауды жеделдетеді деп күтілген болатын.

Сатып алу және сату бағалары арасындағы айырмашылық Бұл индустрияда жиі кездесетін мәселе. ARC құрылымдары, соның ішінде NARCL, әдетте капитал құнын 25%-ға дейін дисконттайды (оның қымбаттығына байланысты). Ал банктер проблемалық активтерді ARC-қа беруде ең көбі 12-13% жеңілдік береді. Бұл баға айырмашылығы банктерді өздерінің проблемалық активтерін сатудан бас тартуға итермелейді, тіпті NARCL бәсекелестеріне қарағанда жоғары баға ұсынса да.

«Жаман банктің» (NARCL) төмен тиімділігінің тағы бір себебі - төлем схемасы. 15% төлем аванстық қолма-қол қаражатпен жүргізіледі. Қалған 85% төлем кепілдендірілген облигациялар (Security Receipts - SR)

## IV. NARCL қызметін бағалау

арқылы жүзеге асырылады, олар үкіметтің кепілдігімен қамтамасыз етілген.

Кейбір нарық сарапшылары NARCL мен IDRCL-ды біріктіруді ұсынды. Бұл бірігу бизнес-мүмкіндіктерді оңтайландыруға, операцияларды жеңілдетуге және әлеуетті шығындарды азайтуға мүмкіндік берер еді. IDRCL NARCL-ға активтерді реттеу стратегияларын әзірлеуге көмектеседі, оның ішінде активтерді жою, сату және 2016 жылғы төлем қабілетсіздігі және банкроттық кодексіне сәйкес стратегиялық инвесторларды тарту.

Жалпы NPA көлемінің азаюын, сақтандыру және тәуекелдерді басқару стандарттарының қатаңдатылуын, сондай-ақ SR-дің өтемақысын төлеу мерзімінің ұзақтығын ескере отырып, **банктер бұл нұсқаны тартымды деп санамайды.**

2024 жылдың наурызында NARCL жалпы сомасы 24 000 крор рупий болатын банк қарызын сатып алу мәмілелерін аяқтады, оның ішінде Metenere және Simplex Infrastructure активтері бар.

NARCL-дың жалпы қарызы 48 652 крор рупийге дейін екі есе өсті, бірақ 2022 жылы белгіленген 82 845 крор мақсатты көрсеткішіне әлі жеткен жоқ.

Соған қарамастан, Үндістанда проблемалық кредиттерді сату үшін динамикалық қайталама нарық құрудың ұзақ мерзімді перспективалары бар, өйткені NPA көлемі мен әлеуеті өте жоғары. RBI саясаты бұл проблемалық активтерді реттеуге нақты бағытталған.

## V. Ағымдағы жағдай

Соңғы жылдары Үндістан банктері өз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты. Несие көлемінің өсуі, активтердің сапасының жақсаруы және цифрландыру пайда мен капиталдың артуына ықпал етті. Цифрлық төлемдерге көшу кредит беру тәртібін өзгертті.

Несиегерге жоғары сұраныс және инвестициялық циклдың қалпына келуі активтердің сапасын жақсартуға, банктердің табыстылығын қалпына келтіруге және капитал мен өтімділік резервтерін құруға ықпал етті.

RBI-дің соңғы есебіне сәйкес, коммерциялық банктердің капитал жеткіліктілігінің коэффициенті 2023 жылдың қыркүйек айында 16,8%-ды құрады. Активтердің сапасы жақсарып келеді: Таза проблемалық активтер (NNPA) 0,8%-ға дейін төмендеді. Жалпы проблемалық активтер (GNPA) 3,2%-ға дейін қысқарды.

Standard & Poor's бұл көрсеткіштерді «дені сау корпоративтік баланс, қатаң андеррайтинг стандарттары және тәуекелдерді басқарудың жақсартылған тәжірибесі» деп түсіндіреді, алайда бұл «жаман банктің» тиімділігіне байланысты емес.

RBI жүргізген макростресс-тесттер банктердің әртүрлі экономикалық жағдайларға төзімділігін көрсетті. Болжамдарға сәйкес, 2024 жылдың қыркүйегінде жүйелік деңгейдегі CRAR нормативтік минимумнан жоғары болып қалады, базалық сценарийде - 14,8%, орташа стресс сценарийінде - 13,5%, жоғары стресс сценарийінде - 12,2%.



*Материалды дайындаған: «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ  
Корпоративтік даму департаментінің Аналитика және  
халықаралық ынтымақтастық басқармасының бас маманы  
А.Д.Тұрағұлова*

**Ақпарат көздері:**

*Үндістанның қаржы жүйесі, ХВҚ есебі, 2023 ж.*

*RBI-дің қаржылық тұрақтылық жөніндегі есебі, 2023 жылдың  
желтоқсаны.*

*Үндістандағы проблемалық активтер – инвесторлар үшін  
мүмкіндіктер, Nangia Andersen LLP есебі, 2022 ж.*

*NARCL ресми веб-сайты.*